

**6D072400 - «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші Мұратжанқызы
Назеркенің «Аймақтық табиғи ресурсты тиімді пайдалану мақсатында
өсімдік текстес шикізатты престеуге арналған жабдықты жетілдіру»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Шағын және орта кәсіпорындардың қажеттіліктеріне бағытталған тәжірибелік шырынсыққыш жабдығын әзірлеу олардың бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттырудагы маңызды қадам болып табылады.

Қазіргі кезде шырын өндірудің негізгі тәсілдерінің бірі - престеу әдісі. Заманауи престердің көп бөлігі жеке дара жеміс-жидек түрлерінен шырынды престеп алуға арналған, мұндай жабдықтарда басқа жеміс-жидектерді престеу үшін қайта жақтандыру өте қыын, мүмкін болған күннің өзінде шырын сығып алу процесі тиімсіз отеді. Мұндай жағдайлар шағын қуаттылықтағы кәсіпорындар үшін қолайсыз болғандықтан жоғары-шырынды да, төменгі шырындылы да дақылдардан шырын сығып алуға арналған әмбебеп престер қажет.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін престеуге арналған жабдықтардың құрылымын жетілдіру керек. Мұндай мәселені шешудің онтайлы жолы, жабдықтың құрылымына жұмыс аймағында қысымды өздігінен реттеу механизмімен жабдықтау нәтижесінде, конусты шнек пен конус тәрізді саптаманың арасындағы саңылаудың тұтас өзгеруін қамтамасыз етіп, қол күшінің қажеттілігін жою арқылы, шырын бөлу процесін қарқынданып, жабдықтың жұмыс істеу қабілетін арттыруға қол жеткізу.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты аймақтық табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында өсімдік текстес шикізат түріндегі жабайы шырғанақ өнімін престеуге арналған жабдықты жетілдіру.

Диссертациялық жұмыстың мақсатына байланысты келесідей міндеттер орындалған: нысандарды зерттеу әдістерін ұйымдастыру жүйесі мен қысым реттегіш механизммен жабдықталған пресс жабдығы мен пресс жабдығының құрылмасының сұлбалары дайындалды; қысым реттегіш механизм арқылы жабдықты жетілдірудің математикалық модельдеу жүйесі есептелді; жабайы шырғанақ өнімін престеуге арналған жабдықты жетілдірудің тәуелділігін әртүрлі құрылмалық және анықталған параметрлердің катынастары арқылы сипатталып, үйлесімді параметрлерін тәжірибе жүзінде анықталды; шырынның сапасын кешенді бағалау және ғылыми зерттеу нәтижелерін тәжірибелі тұргыда іске асыру жолдарын

ұсынылды; инженерлік есептеу әдістемесі сипатталды және өндіріске ұсынылды.

Техникалық нәтижеге шнекті пресс құрылымына жұмыс аймағында қысымды өздігінен реттеу механизмімен жабдықтау арқылы іске асырылады. Жұмыс аймағында қысымды өздігінен реттеу механизмі арқылы, кол күшінің қажеттілігін жою отырып, шырын бөлу процесін қарқындастып, жабдықтың жұмыс істеу қабілетін арттыруға қол жеткізілді. Шнектің бойлық осіне қысымның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін механизмі бар, шырын бөлу өндірісіне арналған тәжірибелік пресс жабдығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің № 9032 патентімен расталды.

Диссертацияны дайындау бойынша тапсырма толық көлемде орындалды. Материал техникалық сауатты тілде ұсынған, логикалық түрде баяндалған және белгіленген талаптарға катаң сәйкес жасалған. Жұмыс өзектілігімен және перспективалығымен ерекшеленеді, қайта өндеу технологиялары саласында инновациялық даму үшін жана мүмкіндіктер туғызады.

Ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда жарияланды; сондай-ақ жұмыстар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми баспалар құрамына енетін журналдарда көрсетілген.

Диссертациямен жұмыс істеген кезде Н. Мұратжанқызы өзін қажетті теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар қалыптасқан зерттеуші ретінде көрсетті. Ол диссертация тақырыбы бойынша қойылған барлық міндеттерді толық орындаады.

Мұратжанқызы Назерке 6D072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі:

С. Сейфуллин атындағы «Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
техника ғылымдарының докторы, профессор

Касенов А.Л.



21. 11. 2024 ж.